



# Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Президент



## Мемлекетке қызмет ету – ең құрметті әрі жауапты міндет

Бүгін елімізде Полиция күні мен Мемлекеттік қызметшілер күні қатар аталып өтіп жатыр. Осыған орай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің құқық қорғау саласы мен мемлекеттік аппарат қызметкерлеріне арнап құттықтау сөз сөйлеп, олардың қоғамдағы маңызды рөліне тоқталды.

— Бүгін елімізде Полиция күні және Мемлекеттік қызметші күні аталып өтуде. Сондықтан алдымен еліміздегі полиция қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мейрамдарымен құттықтаймын. Мемлекетке қызмет ету — ең құрметті әрі аса жауапты міндет. Сіздер заң мен тәртіпті сақтауға және азаматтардың құқығын қорғауға зор үлес қосып жүрісіздер. Қазір дүние жүзі алмағайып, бұлыңғыр, яғни өте күрделі кезеңді бастан өткеруде. Осындай құбылмалы уақытта қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, заңның мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету — айрықша маңызды міндет, — деді Мемлекет басшысы.

Президент атап өткендей, құқық қорғау жүйесін жаңғыртуда жаңа буынның орны ерекше. Осыған байланысты жиынға арнайы түрде ведомстволық оқу орындарының курсанттары шақырылған. Сонымен қатар Мемлекет басшысы трансұлттық қылмыстық топтармен күрес жолында халықаралық әріптестіктің маңыздылығына назар аударды.

— Бүгін біз алғаш рет осындай құраммен жиналып отырмыз. Құқық қорғау жүйесіндегі барлық жауапты құрылымдар жұмыла жұмыс істеуі қажет. Елімізде заң мен тәртіптің қатаң сақталуына қоғам өкілдерінің қосар үлесі де орасан зор. Қазір осы жиынға орталық және жергілікті атқарушы орган басшылары, депутаттар,

сарапшылар және белсенді азаматтар қатысып отыр. Күштік құрылымдарды жаңғырту ісінде жаңа буынның атқаратын рөлі ерекше. Сол себепті бүгінгі басқосуға академиялардың курсанттары да арнайы шақырылды. Трансұлттық қылмыстық топтармен күресу үшін халықаралық ынтымақтастықты дамыту өте маңызды. Осы жерде бүгін шетелдік полиция атташелері отыр. Құқық қорғау органдарымен жүргізіп жатқан халықаралық ынтымақтастық жұмысы үшін сіздерге ерекше ризашылығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Айта кетейік, елімізде 2019 жылдан бері қылмыстық құқық бұзушылық саны шамамен екі есе азайған. Соның ішінде қарақшылық, тонау, ұрлық пен бұзақылық деңгейі 4 есе төмендеген. Ал кісі өлтіруге қатысты қылмыстар 30 пайызға кеміген. Қоғамдық орындардағы қылмыс саны 80 пайызға азайды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

## Форум

# Заң мен тәртіп — әділетті қоғам негізі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда «Әділетті Қазақстан — заң мен тәртіп үстемдік құратын ел» деді. «Заң және Тәртіп» қағидатын ұстану қоғамның идеологиялық және саяси нұсқаулығына айналуы керектігі айтылды. Бұл — жаңа қоғамдық келісімнің іргетасында тұрған маңызды постулат. Қоғамдағы заң мен тәртіптің қатаң сақталуы — кез келген мемлекеттің тұрақтылығы мен өркендеуінің қатаң көрсеткіші. Заңның үстемдігі орнаған елде азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалып, әділдік пен теңдік принциптері сақталады.



Соңғы жылдары елімізде құқықтық мемлекетті қалыптастыру мақсатында ауқымды реформалар жүргізіліп, заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді жобалар қолға алынды. Бұл жүйелі жұмыстар азаматтардың құқықтарын қорғауға, қылмыстың алдын алуға, құқық қорғау органдарына халықтың сенімін арттыруға және қоғамдағы әділеттілікті орнатуға бағытталған.

Осы орайда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Заң және Тәртіп» қоғамдық қауіпсіздікті күшейту мен өзара іс-қимылдың басымдықтары» тақырыбында форум өтті. Алқалы жиынға ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Абзал Құспан, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, құқық қорғау органдары мен жауапты сала басшылары, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Аймақ басшысы қоғамдық қауіпсіздік пен заңдылықты қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы бірлескен маңызды міндеттерді айқындады.

— Биыл 1 сәуірде Үкімет қаулысымен «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдама» бекітіліп, нақты

міндеттер белгіленді. Өңірімізде «Заң мен Тәртіп» қағидасын іске асыруда облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлымен бірлесіп кешенді шараларды қолға алып, жаңа бастамаларға үздіксіз қолдау көрсетіп келеміз. Құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүргізілген кешенді әрі үйлесімді шаралардың нәтижесінде өңірімізде ахуал тұрақты. Статистикалық ақпараттарды салыстырмалы түрде қарасақ, аймақта 2015 жылы 6 мыңға жуық қылмыс тіркелген болса, нақты жұмыс нәтижесінде бұл көрсеткіш 1158-ге дейін азайды. Соңғы үш жылда құқық бұзушылық көрсеткіші едәуір қысқарды. Бүгінде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық саны бойынша Қызылорда облысы республикадағы ең төменгі позицияда, яғни 20 өңірдің ішінде 19-шы орындамыз. Біздің міндет — тек көрсеткішті ғана емес, құқық бұзушылықты тұрақты түрде төмендету. Жол-көлік оқиғаларын азайтуда жол инфрақұрылымын дамытуға басымдық бердік. Түрлі гаджеттер мен смартфондағы бағдарламалар көмегімен жасалатын алаяқтық, кибершабуыл схемалары сәт сайын өзгеріп жанауда. Қаржы пирамидалары, лудомания, интернет буллинг азаматтарды қиын жағдайда қалдыруда. Мүдделі құқық қорғау органдары қолда

бар ресурстармен шектелмей, қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қоятын жаңа тетіктерді дамытуы тиіс. Осы бағыттағы қылмыстарды анықтауда жасанды интеллектті пайдалану — орнықты шешімнің бірі. Бүгінгі форум — біздің алдағы жұмыстарымызды жаңа формацияда жүргізуге өз септігін тигізеді деп сенемін, — деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Соңғы 3 жылда полиция органдарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға облыстық бюджеттен 8 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді. Биыл бұл мақсатқа 2 млрд 800 млн теңге қаралып, заманауи құрылғылармен, жабдықтармен қамтамасыз етілуде.

Республикада алғашқы болып облыстың барлық ауданында полиция бөлімдерінің Жедел басқару орталықтары ашылды. Қауіпсіздікті күшейту, жедел әрекет ету мақсатында бейнебақылау камераларының желісі көбейтілді. Барлық ауданға құны 2 млрд 200 млн теңге болатын 539 бейнебақылау, 49 жылдамдық өлшейтін камера орнатылды. Соңғы жылдары полиция қызметкерлеріне заманауи құрылғылармен жабдықталған 128 жаңа автокөлік табысталды.

Биыл тағы 31 қызметтік автокөлік тапсырылып, арнайы құрал-жабдықтар көбеймек. Бұл мақсаттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Ашықтық қағидатына сәйкес қала, аудандарда құқық қорғау органдарының бірінші басшыларымен бірге қоғамдық қабылдаулар тұрақты өткізіліп келеді. Бұл өз кезегінде тұрғындардың мемлекеттік органдарға деген сенімділігін арттырып, әділетті қоғам құруға тың серпін бермек.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу да ерекше белсенділік танытып, киберкеңістіктегі заңсыз әрекеттердің жолын кесуге үлес қосқан мамандарға облыс әкімінің сыйлық сертификаттары мен облыс прокурорының алғыс хаты табысталды. Олардың қатарында Жалағаштан аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Әбзәлі Төлеуай да бар. Қызылорда облысы прокурорының 2025 жылғы 22 сәуірдегі өкіміне сәйкес, Қызылорда облысының аумағында «КИБЕРВОЛОНТЕР» атты қадағалау-профилактикалық іс-шарасы

басталды. Аталған шара бойынша Жалағаш ауданында бірқатар жұмыс атқарылды.

— Аудан прокуратурасымен бірге қоғамдық орындарда тұрғындарға құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, интернет кеңістігіндегі қауіп-қатерлер, кибербуллинг, жалған ақпарат пен алаяқтықтың алдын алу жөнінде кеңінен ақпарат берілді. Әсіресе жасөспірімдер мен балаларды онлайн ортадағы теріс әрекеттерден қорғау бағытын назарға алдық. Мақсат — құқықтық сауаттылықты арттырып, цифрлық қауіпсіз қоғам құруға үлес қосу. Ең бастысы, бұл бағыттағы шаралар бір реттік емес, тұрақты және жүйелі түрде жүзеге асырылуда, — дейді Әбзәлі Бозжанұлы.

Жалағашта бұл бағытта жүйелі жұмыс бар. Аудандық полиция бөлімінің нәтижелі жұмысының арқасында Жалағашта халықтың полицияға деген сенімі артқан. Құқық қорғау органдарының кәсіби деңгейінің арқасында қоғамдық тәртіп сақталуда. Бүгінде полиция қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін ауданда «Жедел басқару орталығы» құрылып, бейнебақылау жүйесі кеңейтілуде. Бұл қадам қылмыстың алдын алуға және құқық бұзушылықтың азаюына ықпал етуде.

Айта кетейік, бүгінде ауданда, яғни кент және ауылдық округтерде бейнебақылау камералары жұмыс істеп тұр. Жалпы көнтіте қазіргі уақытта 71 көшеде 1205 жол белгісі орнатылған. Жол белгілерін күтіп ұстау, тозғанын жаңалау, бағаналарын сырлау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Ал жол жүрісін реттеу үшін 4 көше қиылысына бағдарламалар орнатылған. Мұнан бөлек Жалағаш аудандық полиция бөлімінде жедел басқару орталығы өз жұмысын бастады.

Ауданда 1400 бейнебақылау камерасы, 19 интеллектуалды қиылыс пен 58 жылдамдық өлшейтін орнатылып, жедел басқару орталығы қайта жаңғыртылуда. Сонымен қатар аудан орталығына қосымша 77 бейнебақылау және 7 жол қозғалысы ережелерін бұзу деректерін автоматты түрде анықтайтын жылдамдық өлшеу камерасы орнатылды.

Ж.МАХМУТҰЛЫ

## Аудан жаңалықтары

## Тұрғындардың талап-тілегін тыңдады

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов кезектілік тәртібімен жазылған аудан тұрғындарын жеке қабылдады. Қабылдауға келгендер тұрғын үй кезегіне тіркелу, балабақша ашу, «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен баспана алу, жер учаскесі бойынша мәселелерін қозғады.



Қабылдауға келіп, ұсыныс-пікірін, өтінішін жеткізген тұрғындардың сауалдары назарға алынып, заң аясында шешілу жолдары қарастырылды. Сондай-ақ көтерілген мәселелерге заңға сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сала басшыларына тиісті тапсырмалар берілді.

Айта кетейік, тұрғындар аудан әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірыңғай базасы арқылы немесе өкімдікке келіп, жазбаша өтініш беру арқылы жазыла алады.



## Қауіпсіздік басты назарда

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс өкімдігі жанындағы терроризмге қарсы облыстық комиссия отырысы өтті. Мәжілістен соң аудан әкімі Ардақ Ибраимов күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Аудан әкімі террористік әрекеттерге қорғанысы осал нысандардың қауіпсіздігін арттыру, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, сондай-ақ «Экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимылдың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының» орындалу барысын қатаң бақылауда ұстау қажеттігін атап өтті.

Отырыс қорытындысымен жауапты сала жетекшілеріне, кент және ауылдық округ әкімдеріне нақты міндеттер жүктелді.

«ЖЖ» ақпарат

## Салтанатты шара



## Елге құрмет – адал қызмет

Кеше аудандық Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде 23 маусым – Қазақстан полициясы және Мемлекеттік қызметшілер күніне арналған мерекелік шара өтті. Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов сала мамандары мен ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, бірқатар қызметкер мен ардагерлерді марапаттады.

Тәуелсіздік алған жылдары мемлекетті қалыптастыруда ауқымды істер атқарылып келеді. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы үздіксіз дамып, жоғары жетістіктерге жетуде. Қазақстанның осындай жетістіктерге жету жолында тәртіп сақшыларының, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің еңбегі ерөн. Иә, олар өз міндеттерін кәсіби деңгейде атқарып, еліміздің егеменді, тәуелсіз, демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекетке айналуына үлкен үлес қосуда. Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің бет бейнесі болса, полиция – сол мемлекет халқының қорғаны. Ел тыныштығы мен тұрақтылығын, халықтың қауіпсіздігін сақтайтын құқық қорғаушылар қандай құрметке де лайық.

Елдің айбыны, қорғаны болған полиция қызметкерлерін және ел мүддесі жолында абыройлы қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Қазіргі таңда мемлекеттік қызметші мен тәртіп сақшылары – мемлекеттік аппараттың жұмысын алға жылжытушы кадр және мемлекеттік биліктің оң имиджін қалыптастырушы бірден-бір тұлға. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір қызметшінің отаның адал болуы және өз ісіне жауапкершілікпен қарауы өте маңызды екенін айтып, полиция мен мемлекеттік қызметшілерге ерекше сенім білдірді. Мемлекеттік қызметші мен полиция қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін, қызметтің оң имиджін көрсетеді, олардың мәртебесі мен абыройы Отанға, халқына адал қызмет етуімен бағаланады. Ел үшін еңбек еткен адамның қашанда әрқесі биік, мұраты асқақ, балашағы баянды болады. Әрдайым антқа адал болып, «ел қорғаны, халық жанашыры» деген атақты абыроймен алып жүрулеріңізге тілектеспін, – деді аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов.



Мемлекетіміздің тыныштығы мен халқымыздың бейбіт өмірі, амандығы бәрінен қымбат. Тәртіп сақшыларының кәсіби қызметі зор жауапкершілікпен, тәуекелшілдігімен, қиындыққа төтеп беретін төзімділігімен құнды. Қай кезде де қылмыспен күрестің алдыңғы сапында жүріп, уақытпен санаспай, азаматтарымыздың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына аянбай жұмыс жасап жүрген қызметкерлердің еңбегі ерөн. Сала бойынша профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде ауданда орын алған құқық бұзушылықтар көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда азайып келеді. Әрине, бұл – қоғамдық тәртіпті қалыптастырып, ел тыныштығын сақтау бағытында атқарылып жатқан еңбек пен жүйелі жұмыстың жемісі.

Салтанатты шарада елдің кемел келешегін қалыптастыруда аянбай еңбек етіп жүрген қызметкерлерге Мемлекеттік қызметкерлер салалық кәсіподағының «Мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі, облыс әкімінің алғыс хаты, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының алғыс хаты мен аудан әкімінің құттықтауы, алғыс хаты табысталды.

– Мен Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман болып 15 жылдан бері жұмыс жасап келемін. Өзіңіз білетіндей, әрбір өркениетке қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға жетелеуші – мемлекеттік қызметкер. Мен үшін мемлекеттік қызмет – Отанға адал қызмет ету. Мемлекеттік қызметкер болу – халықтың сенімін ақтап, ұлтымыздың абыройын асқақтату. Сондықтан мемлекеттік қызмет – мен үшін мәртебелі міндет. Мен алдағы уақытта да адалдықтың ақ туын ұстап, еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек ете беремін, – дейді бүгінгі марапат иесі Қымбат Әнуарқызы.

Мерекелік шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

Сезім НҰР

## Кеңес

# 3-6 жастағы балалар 100 пайыз балабақшамен қамтылған

Ауданда 38 мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмыс жасайды. Оның ішінде 820 баланы қамтып отырған 10 мемлекеттік балабақша бар. 27 жеке балабақшада 1790 бала тағы бар. Мұнан бөлек, 1 мектеп жанынан ашылған толық күндік шағын орталық 15 баланы қамтып отыр. Мемлекеттік балабақшалар ішінде 1-еуі – санаториялық бөбекжай-бақша. Онда 80 бала тәрбиеленуде. Ауданда 2-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту 88 пайызға жеткен, оның ішінде 3-6 жастағы балалар 100 пайыз қамтылған. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиясының бірлескен отырысында аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов осылай деді.

Ауданның бас ұстазы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру және талаптардың сақталуы мен қамтамасыз етілуін қадағалауда жоспарлы мониторинг жүргізілетінін айтады. Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесін қалыптастыру жөніндегі комиссиялардың құрамы білім бөлімі басшысының бұйрығымен бекітілген. Ережеге сай мектепке дейінгі ұйымдарды тізбеге енгізуді конкурс комиссиясының хаттамасы негізінде білім беру бөлімдері жүзеге асырып, білім бөлімінің әлеуметтік парақшасына хабарландырулар жарияланады. Ал мемлекеттік тапсырыстарды орналастыруда мектепке дейінгі ұйымдарға қаржы орналастыру үшін жыл көлемінде нақтыланады.

– Мемлекеттік білім беру тапсырысы 935 орындық 11 мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымға, 2040 орындық 27 жекеменшік балабақшаға орналастырылды. 2025 жылы 1 балаға мемлекеттік тапсырыс сомасы әдістеме бойынша ауылда жергілікті бюджеттен 65 507, республикалық бюджеттен 10 698 теңгеге құрап отыр. Ата-ана тарапынан төлем 5 мың теңге мен 7 мың теңге аралығы. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды арттыру мақсатында ауданда мектепке дейінгі ұйымдарды енгізу мен ашудың 2022-2025 жылдарға арналған қадамдық жоспары әзірленіп бекітілді. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырудың бір түрі – қолайлы мотивациялық жағдай туғызатын кәсіби шеберлік жыйыстары. Әдістемелік кабинеттер Мемлекеттік білім беру стандарттары, ТУП, ТУПР бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізеді, – деді Талғат Құрақбайұлы.

Бөлім басшысы мектепке дейінгі ұйымдарды цифрландыру бойынша да нақты шаралар жүзеге асқанын айтады. Сөзінше, 2021 жылдан бастап «JSOFT» ЖШС-мен жасалған келісім-шарт аясында барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымы [https://kzo.qaznaonline.kz/kzo/ru\\_RU/](https://kzo.qaznaonline.kz/kzo/ru_RU/) жүйесімен жұмыс атқарған. Балабақшадан тәрбиеленуші шығып немесе ауысып кеткен жағдайда жүйеде бос орын саны көрсетіліп, 2024 жылдың қыркүйек



айынан бастап «SmartNation» BALA-BAQNA мектепке дейінгі ұйымдарды басқару жүйесі арқылы кезекте тұрған балалар кезегіне қарай электронды түрде жолдама алады.

Айта кетейік, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 333 педагог жұмыс істейді. Оның 37-сі – меңгеруші, 35-і – әдіскер, 201-і – тәрбиеші, мұнан бөлек басқа да 60 педагог бар. Аудандағы барлық педагог уақытылы біліктілік арттыру курстарынан өтуде. Мәселен, 2024-2025 оқу жылында 71 педагог біліктілікті арттыру курстарымен қамтылған. Біліктілікті арттыру курстары ҚР Білім министрлігі бекіткен жоспарға сәйкес жүргізіледі. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Қызылорда қаласындағы филиалында өткізіледі. Қазіргі таңда инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар бойынша 10 мемлекеттік логопедиялық кабинетпен, арнайы мамандармен, жекеменшік балабақшалар бойынша дефектолог мамандармен қамтылған.

Талғат Құрақбайұлы бірқатар мәселені де назарға салды. Мәселен, М.Шәменов ауылындағы «№18 «Бөбек» бөбекжай-бақшасы 1984 жылы типтік жобада салынған. 1997 жылы балабақша жабылып, 2007 жылы №18 «Бөбек» бөбекжай-бақшасы қайта жұмысын бастады. Балабақшаның жалпы алаңы – 936,2 сыйымдылығы – 90 орындық. Бұл нысанда 4 ойын бөлмесі, 4 жатын бөлме, 4 қабылдау бөлме, 4 жәзетхана, 4 қойма бөлмесі бар. Одан басқа асхана, ас бөлмесі, қойма, дәрігер бөлмесі, спорт зал, меңгеруші бөлмелері тағы бар. Қазіргі уақытта №18 «Бөбек» бөбекжай-бақшасында 4 топта 80 бала тәрбиеленуде. Балабақша ғимаратына 2009 жылдың тамыз айында «Жол картасы» бағдарламасы бойынша күрделі жөндеу жүргізіліп, балабақша шатыры жаңарып, ішкі жылу жүйесі жүргізілді. Бірақ 2009 жылдан бері ешқандай күрделі жөндеу жүргізілмеген. Осы ретте

бөлім басшысы ғимараттың қазіргі жағдайы сын көтермейтінін тілге тиек етті, яғни нысанның фундаменті жерге кіріп, ғимарат та төмен шөккен.

Аудандық мәслихат депутаты Ғ.Дүйсекбаев балабақшаларға ауыз суға төлем жасауға есептегіш құралдардың көрсеткішін алуға барғанда жеке балабақшалардың ішке кіргізбейтінін жеткізіп, коммуналдық төлемдердің уақытылы төленуі қажет екенін қаперге салды. Аудан бойынша барлық балабақшаны зерделеуге мәслихат депутаттары, «Аманат» партиясы, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы қызметкерлерін қосып, комиссия құруды ұсынды.

Мұнан бөлек халық қалаулысы Әмірзақ Елеусінов пен Гүлжайна Айтжанова Жаңадария елді мекенінде жаңа балабақша ашылуы туралы, кент орталығындағы балабақшалардың газ жүйесіне ауыстырылуы, 2-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту көрсеткішінің 88 пайыз орындалу себебі, М.Шәменов ауылындағы №18 бөбекжай бақшасының ғимаратын жөндеуге байланысты қабылданған шаралар, аудандық төтенше жағдайлар бөлімімен биыл 5 айда тексерілген балабақшаларда орын алған кемшіліктердің орындалуы туралы бірқатар сауалын жолдады.

Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова типтік жобадан 11, қалғандары бейімделген балабақшалар екенін, балабақшалардың санитарлық-техникалық жағдайы туралы, оның ішінде сын көтермейтін балабақшалар туралы бірқатар мәселені қаперге салды. Сондай-ақ «Зейнеп» жеке балабақшасының өкілі Ж.Баймаханова мектепке дейінгі ұйым ашу үшін СЭС басқармасының қорытындысын беру кезінде балабақшалардың алдындағы ойын алаңдарының көлемі талаптарға сай болу мәселесін ескеруді ұсынды.

Басқосуда аудан бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды іске асыруды қамтамасыз ету барысы

қаралды. Бұл туралы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Алтынбек Дәрібаев кеңінен тарқатты. Бөлім басшысы жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған жоспарды әзірлеуде ауданның, әрбір ауылдық округтің географиялық орналасуы, жайылымдар көлемі, ауылдық округтегі ауыл шаруашылығы малының саны назарға алынғанын айтады. Сондықтан жоспар әр ауылдық округ бойынша дербес дайындалған.

Жалағаш кентінің жалпы жер көлемі – 1436 гектар. Оның ішінде жайылымдар 859 гектарды құрайды. Кенттегі ауыл шаруашылығы жануарларына келсек, 5 986 ірі қара, 3 888 уақ мал, 9 636 жылқы, 45 түйе бар. Оларға 129,674 мың гектар жайылым қажет. 859 мың гектар алаңды алып жатқан көпшілік пайдаланатын жайылымдарда 16055 шартты мал дайындалған.

Бөлім басшысы мұнан бөлек жайылымдық жер бойынша ауылдық елді мекендердің барлығын қамтыды.

– Аудан бойынша елді мекен жерлері 42760 гектар, шаруашылықтардың мал жайылымы 205029,8 гектар, халық қажеттілігі үшін пайдаланылып отырған мал жайылымы 35057 гектарды құрайды. Жоспарда жетіспейтін жайылымдық жерлерді қамтамасыз ету мақсатында мал Қарақұм, Қызылқұм жайылымына шығарылады және 10 қазан мен 10 наурыз аралығында округ аумағындағы босаған егіс алқаптарына жайылады деп есептелді. Аудан бойынша маусымдық мал жайылымы үшін Қарақұмда 591563 гектар, Қызылқұмда 648953 гектар және Жаңадария бойында 752789 гектар жер мал жайылымына пайдаланылуда. Аудан бойынша жайылымға жетіспейтін 456 мың гектар жер жоғарыдағы мал жайылымдары есебінен толық қамтамасыз етілген, – деді Алтынбек Дәрібаев.

Айта кетейік, «2025-2029 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №28-18 шешімі қабылданған. Ауыл шаруашылығы жануарлары үшін қажетті жайылым алаңы ірі қара үшін 11, қойға 2,2, жылқыға 14, түйе үшін 15,5 гектардан алынған. Жоспарды әзірлеу кезінде әр ауылдық округтің географиялық орналасуы, жайылымдар көлемі, ауыл шаруашылығы малының саны назарға алынып, жоспар әр ауылдық округ бойынша дербес дайындалған. Жайылымдарды пайдалану ұзақтығы – 170-180 күн. Жайылымдық алқаптардың орташа өнімділігі 10,5 центнерді құрайды.

Аудандық мәслихат депутаты Әмірзақ Елеусінов пен Гүлжайна Айтжанова елді мекендердегі 10 шақырым радиустағы жерлердің қайтарып алынуы туралы, Аққұм ауылдық округі әкімінің Аққұм ауылындағы жайылымдық жері, жылқының саны, жайылымдық жердің жеткіліктілігі туралы, қаракөткендіктердің жайылымдық жерге байланысты берген ұсыныстары туралы хабарламашыға бірқатар сұрақ қойды. Комиссия отырысын Ө.Елеусінов қорытындылап, бүгінгі отырыста қаралған мәселелер бойынша депутаттардың ұсынысына байланысты тиісті шаралар қабылданатынын жеткізді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Болмыс

# Тұғыры биік тау тұлға

Қазақстанның білім мен мәдениетінің, экономикасының өрлеп-өсуіне өлшеусіз үлес қосқан Темірбек Жүргеновтің өнегелі өмір жолы қай буынға да үлгі болуы тиіс. Осы ретте біз қайраткердің саналы ғұмырын кейінгі буынға насихаттауда ақсамауымыз қажет. Жалпы Темірбек Қараұлының 2 жыл бұрын мерейтойы өзінің кіндік қаны тамған Сыр бойының Жалағаш ауданында ерекше үлкен дайындықпен тойланды. Осыдан бірнеше жыл бұрын аудан орталығында ұлы тұлғаларды ұлықтайтын «Тағзым алаңы» ашылып, онда «Темір наркомның» мрамордан мүсіні қойылып, халқымен қайта қауышты. Мерейтойға еліміздің түкпір-түкпірінен қонақтар өнер, білім, мемлекет, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, аудан жұрты қатысты. Түрлі мәдени, спорттық шаралар өтті.

Ауызы дуалы ауыл азаматтарының бұл той осыдан бірнеше жыл бұрын өткен Бұқарбай батырдың 200 жылдық тойынан кейінгі мағыналы да мазмұнды той болады деген бағаларын да естідік. «Елдің атын ер шығарады, ердің атын елі шығарады» деген осы екен-ау деген ойда қалдық.

Еліміз егемендік алғаннан кейін тарихымыздағы ақтаңдақтардың беті ашылып, қуғын-сүргін жылдарындағы алаш арыстары халқымен қайта қауышуда. Оларға жабылған жазықсыз жаланың негізсіз, қасақана жасалғаны жайлы ақиқат-шындықтарын ақтау жайлы еңбектер жазылып, естелік кітаптар жарық көруде. Осы тұрғыда еріні айтпағанда, Темірбектің қалам тартып жүрген жерлестері, марқұм тарихшы, журналиш, жазушы Ахмет Тілеулиев Темірбектің әкесі Қара және оның туыстары жайлы өзінің «Қарақұм» кітабында көптеген мәлімет берген болатын. Жазушы, этнограф, ғалым Тынышбек Дайрабай, мәдениеттік журналист Болатбек Нұржанов, еліміздің белгілі ақыны, журналист, жазушы Махмұтбай Әміреұлы және осы жолдардың авторы, тағы басқалар түрлі ақпарат беттерінде Темекң жайлы көлемді мақалалар жаряласа, жас ғалым, жерлесіміз Бауыржан Иманғалиевтің «Темірбек Жүргенов» атты монографиялық еңбегі жарық көрді. «Бұл – заңды құбылыс. Себебі Темірбектің өмірі, балалық және жастық шағы т.б деректерді туған жерінің жұрты жақсы білетініне күмән келтіруге болмайды» деген болатын.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдары аудан мектептерінде Темірбек Жүргеновтың інісі Қараның баласы Қосжаннан туған Қайназар деген ағай бізге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. ҚАЗГУ-ды бітірген білімді ұстаз еді. Ол көздері біз әңгіме қозғап отырған тақырып жабық болатын. Темірбектің бауыры болғандықтан сол заманның салқыны Қайназар ағайға да соғып өткен болу керек. Ол кісі көп сөйлемейтін. Мінезі түйық, тек қана өзінің жұмысын білетін кісі еді. Сол кісіден «жылымықтың лебі» ескеннен кейін Т.Жүргенов жайлы алғашқы мағлұматты естіген едік. Ол кездері мектеп оқушылары оқу жылының алғашқы екі айын колхоздың егін жинау науқанына, күріш орағына қатысатын. Жыл сайын бізді осы жұмысқа Қайназар ағай басқарып алып баратын. Біз сияқты тәуір оқитын, жазу-сызуға үйір оқушыларды Қайназар ағай өзіне жақын тартатын. Кейде ағай бізді өзімісініп, өмір жолынан да әңгіме айтатын. Ауылда бұйығы ескен біз сол кісіден «халық жауы» деген жала ері жалған қорқынышты сөздердің мағынасын естідік. 1958 жылы №31 мектептің жоғары сынып оқушылары қазіргі Мақпалкөл ауылының бұрынғы Ленин атындағы колхоздың күріш орағына бардық. Жетекшіміз – Қайназар ағай. Қырқуіектің орта кезі болатын. Күнделікті мөжемізді орындап, ағайдың жанына бардық. Оның кеуілі бұзылып, жабырқаулы отыр екен. Ол кездері оқушылар ұстазын пір тұтатын. Біз ыңғайсыз жағдайда қалдық. Ағай бізге «отырыңдар» деп ишарат білдірді. Біз ағайдың қасына жайғастық. Қайназар ағайдың сондағы айтқаны: – Менің туып өскен, балалық шағым өткен осы жер. Анау төбе – атамыз Қараның қыстауы.

1937 жылы Алматыда үлкен қызметте болған Темірбек ағам ұсталып, «халық жауы» деген жауап аламын атылып кетті. «Біздің әулет қуғын-сүргінге түсті» дегенде боймызды қорқыныш билей бастады.

Ағай, бұл ұғымды түсінбей отырған бізге түсінікті тілмен «Бізді бай деп қудалады» деп қысқаша түсінік жасады.

– Темірбек аға атылып, жеңгеміз ұсталып кеткеннен кейін, Темкеннің жанаашыр азаматтары ағаның есі кіріп қалған баласын ауылға біздің қолымызға жеткізіп берді.

Анау төбе – біздің қыстаудың орны. Басқа ортада орысша оқып тәрбиеленген баланың қазақы ортада өмір сүруі қиын да қайғылы болды. Бала таңертең ерте тұрып, келген жағы шығысқа қарап, папа, мама деп еңіреп жылайды. Біздің аза бойымыз тітіркенеді. Ол ауылда қазақ мектебіне барып жүрді. Кейін жоғары жақтан бір кісілер келіп, баланы алып кеткені есімде, – деп ағай көзіне жас алған еді.

– Кейін КазГУ-ге оқуға түстім. Дәмеш жеңгемнің үйінде жатып оқыдым, – деп ішіндегі шерін тарқатқандай болды.

Біз ол кезде жас едік. Ағаның Темірбек жайлы және өз өмірінен деректерді не мақсатта айтып отырғанын түсінбеген едік. Кейін ойлап қарасақ, Темірбек сияқты тұлғалар мен ұстазымыз өзінің өмір деректерінен сөңдер де хабардар болыңдар деген екен ғой ағайымыз.

Тақырып Т.Жүргенов жайлы болғандықтан ол кісімен 20-шы ғасырдың басында аймақтағы бірде-бір оқу орны болған Аламе-сектегі екі жылдық орыс-түзем мектебінен білім алып, бірге оқыған Темірбектің замандасы, сол бір зұлмат заманда Қара әулетіне және олардың туыстарын басын бөйгеге тігіп, қол ұшын беріп, сол үшін де Т.Жүргеновтің «құйыршығы», «халық жауы» атанып, жиырма жыл сібірге айдалған. Жазасын өтеп, он сегіз жыл сібірдің қақаған аясында ағаш кесіп, азапты жылдарды басынан өткізген. 1956 жылы елге оралып, бұрынғы қызметі қалпына келтіріліп, Тереңөзек, Жалағаш аудандарының құрметті ақсақалы болып өмірден өткен Сейіткерей Усабаев әкеміздің Темірбек Жүргенов жайлы айтқан естелігі еріксіз есіме түсті.

1984 жылдың маусым айы болатын. Ол кезде мен Аққұм кеңшары партия комитетінің хатшысы болатынмын. Жаздың жадыраған бір күні сәскеге таман кеңшар директоры Сейітнәби Мұқашев: – Реке (кейде көңіл-күйі жақсы болғанда мені осылай атайтын), бүгін ауылға Сейіткерей Усабаев әкең қасында екі-үш ақсақалы бар, шақырылған тойға келе жатыр. Жұмысың қауырт болмаса сол кісілерді күтіп алып, бірге болайық, – деді.

– Сен ол кісіні білесің бе, өмірінен хабардарсың ба? – деп мені сынағандай сұрай бастады.

Мен де білемін деп жауап қаттардым. Сейіткерей әкемді алғаш көргенімді еске түсірдім. 1956 жылдың жазы болатын. Ол кезде біздің қазіргі Бұқарбай батыр ауылы тайлы-тұяғы қалмай көктемде дария бойындағы «Ақшығанақ» деген жерге жайлауға шығатын. Күріш орағынан оралған бір топ бала суға түсіп жатыр едік. Ішіміздегі ересек бір бала: – Бүгін ауылға ұзақ жылдарға сотталып кеткен бір әкеміз түрмеден босап, елге сәлем беремін деп келе жатыр, – деді.

Оның сөзіне онша мен бермей үйге келсем, күн шықпал колхоздың жұмысына кететін әкем құтты тойға баратындай барын киіп, бір жаққа жүретіндей дайындалып жатыр екен. Менің өзіме оқыс таңқалғанымды сезіп, әкем: – Түрмеден босап, ағайынға сәлем беруге келе жатқан «халық жауы» атанып сотталған Сейіткерей екен. Сол кісіні паромнан күтіп аламыз. Дүйсенбай әкеңнің үйінде қонақ болады, – деді.

Бұл әкеміз кезінде колхоздың төрағасы, ферма меңгерушісі, т.б қызмет атқарған әкеміңн туған ағасы болатын. Сонымен үлкен кісілердің соңына еріп, паромға бардық. Паромның аргы бетінен бір топ аттылы-жаяулы кісі паромға мініп, бергі жағаға өтті. Ішінде ұзын бойлы, ат жақты ақсары, алпысқа таяп қалған, ақ ителді, ақ шалбарлы, ақ қалпақты, сұлу кісі басқалардан өзгеше болып, ағайынмен құшақтасып, амандасып жатты. Қасында елдің құрметті ағалары Бекжан Сәдуаң, Сейттең, Шоңбай, Абыт, т.б. бар еді. Сонда Сәкенді алғаш көрген болатынмын.



Кейін Сейіткерей әкеміз ауылдағы той-томалақ, құдайы-астарға келіп жүргенде бірге болғаным бар. Біз қонақтарды күтіп алып, шақырған үйге бірге бардық. Дайындалған үйде Сейіткерей мен бірге Тайман қари, Мұстаяпов Исахан, т.б. төрт-бес кісі болды. Отырыс көңілді басталып, билікті Сәкен өз қолына алып, түрлі тақырыптардан әңгіме қозғады. Сейітнәби аға өзі тарихшы және әңгімешіл болғандықтан әңгіменің төркіні Сейіткерейдің өмір жолы, сол жақтағы өмірінен деректерді білуіне бағытталған сұрақтар қойылып отырды. Ол кісі маған қолпаштау мен мақтануды сүйе бермейтің, сөзге сараң, аз сөйлеп, сұраққа нақты жауап беретін түйықмінезді, сабырлы адам болып көрінді. Ол жақтағы өмірі жабық күйде қалатынын ескертті. Мен оған бұл ұстамдылық пен қасиетті өмірдің өзі үйреткен-ау деген ойда болдым. Көнет Сейітнәби аға: – Сейіткерей аға, жас кездеріңізде өңірде екі адамның қолы жете бермейтін ескіше де, жаңаша да мектептерде оқып, білім алып, жауапты қызмет атқардыңыздар. Білуімше, сіз 1934-1935 жылдары Алматыдағы Марксизм-Ленинизм курсында оқып жүргеніңізде Т.Жүргенов пен сыйластықта болыпсыз. Ол кісі ұсталып кеткенде де Ырғыз ауданындағы Қараның әулеттері мен туыстарын елге, «Сырға» қашыруға жолбасшы дайындап, көмек беріпсіз. Ол туралы сол кісілердің ағайындары жақсы біледі. Сол жайлы өзіңізден естісек, – деп сұрақты төтесінен қойды.

Мұндай сұрақты күтпеген Сейіткерей ақсақал әлі де бұл тақырыптың жабық екенін ескерткендей бойын тіктеп алып, біліп отырсаң, несіне сұрайсың деген сыңай танытты. Сұрағыңа жауап дегендей: – Ол кездері өзің айтып отырған оқуды ауқатты отбасының балалары оқыды. Біздің әкеміз елге танымал бақуатты адамдар болды. Ал біздің сыйластығымыз ол ұсталып, мен айдалып кеткенше жалғасып тұрды. Біз зобалаң заманның құрбаны болдық. Халқының жарық жұлдызындай болған Темірбекті нақақтан-нақақ «халық жауы» деп атса, елдегі мына Тайман қариды молдасың деп қудалады. Мені сонау Ырғыз аудандық Кеңес Атқару Комитетінің төрағасы қызметінде жүргенімде «халық жауы» Т.Жүргеновтың әулетін, туған-туыстарына көмек беріп, Ырғыздан Сырға қашырды, Жүргеновтің құйыршығы деп айыптап, жиырма жылға соттады. Сібірге айдады. Біздің ұрпақтың басынан не өтпеді десеңші?! Түз-дәм таусылмай елге оралдым. Сол кезде атылып кетпей бүгін сіздердің орталарыңызда отырмын. Бұған тәуба деймін, жігіттер, – деді Сейіткерей ақсақал.

Т.Жүргенов пен Аламесекте бірге оқыған, саналы ғұмырын сыйластық пен өткізген Сейіткерей Усабаев кім еді? Ол – қазіргі Жалағаш, бұрынғы Тереңөзек аудандарының шығыс бөлігіндегі елді мекендерді қамтыған Байзақ болысының Комсомол, кейін Болыстық атқару комитетінің жауапты хатшысы, Ақмешіт Уездік Комитетінің хатшысы, Қызылорда, Қармақшы, Шәуілдір, Ырғыз аудандарының Атқару Комитетінің төрағасы аудандық, облыстық сайланбалы орындарға депутат, мемлекеттік қоғамдық жұмыстарды белсенді атқарған осы ауданның тумасы. Тағы бір Жүргеновпен кездескен жерлесіміз, Темкеннің шапағатын көрген кісілердің бірі, ауданның белгілі азаматы марқұм еңбек, соғыс ардагері Мәдібай Баймаханұлы болатын. Өзінің естелігінде Мөкең былай деп еске алады. «Отызыншы жылдардың екінші жартысында мектепті ойдағыдай бітіріп, Алматыдағы КазГУ-дің физика-математика факуль-тетіне оқуға түстім. Бұл кезде елде қуғын-сүргіннің аласапыраны басталып, ұлтымыздың зиялы қауым өкілдерінің басына қара бұлт үйіріліп жатқан кез болатын. Менің де артымнан атасы болыс болған деген арыз түсіп, оқудан шығарылдым. Сол кездері Темірбек Жүргенов мәдениет және ағарту саласының халық комиссары еді. Комиссариаттың ғимараты университеттің жанында болатын. Біз ол кісіні жиі көріп тұратын едік. Енді неде болса сол кісінің алдына баруға бол бұдым. Комиссариаттың хатшылығына тізіліп, қабылдауында болдым. Темкен мені жақсы қабылдады. Өзімнің қайтқан, не үшін оқудан шығарылғанымды баяндап бердім. Ол кісі сабырмен зер салып, мұқият тыңдап отырды.

– Оқуың еліміз үшін бүгінгі заманның ғылымымен ағарту сала-сына қажетті мамандық екен. Сен қазіргі қоғамда болып жатқан ағымдардан аулақ болып, оқуыңды университет жанындағы жаңадан ашылған педагогикалық жұмыс-шы жастар бөліміне ауысып, сонда жалғастыр. Мүмкін тегінді өзгертерсің, – деп ағалық кеңес берді.

«Мен солай жасадым» деп еске алған Мөкен. Жоғарыда баяндалған Темірбек Жүргенов туралы жерлестерінің естеліктері еді. Ал халқының жарық жұлдызы бо-лып дүниеден өткен Темірбек Қа-раулы туралы өлі де халыққа жет-пеген өмірдеректерін зерттеп, оны оқырмандарға хабардар ету, қай-раткердің өмір жолын келешек ұрпаққа өнер ретінде қалдыру – бізге міндет.

**Рысбай КӘРІМОВ,**  
**Қазақстан Журналистер**  
**одағының мүшесі**

Мәжіліс



## Әлеуметтік қолдау шаралары цифрлануда

Өткен аптада Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бірыңғай цифрлық платформасы арқылы әлеуметтік қолдау шараларының бизнес-процестерін цифрландыру бағытындағы мемлекеттік қолдау шараларын бөлудің жаңа моделін енгізуге байланысты мәжіліс өтті.

Аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменовтің төрағалығымен өткен жиында FSM Social мобильдік қосым-ша бойынша ҚР Еңбек министрлігі, Еңбек ресурстарды дамыту орталығы өкілдері мен «Отбасын қолдау орта-лықтарының қызметін жетілдіру жөніндегі жобалық кең-сесінің» басшысы Ф.Сағындық, Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған Отбасын қолдау орта-лықтарының жұмысын жетілдіру жөніндегі жобалық кең-сесінің үйлестірушісі Тимур Мұратов, облыстық жұмыс-пен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Азамат Мыңбаев пен мобильдік топ мүшелері қатысты.

– Қазіргі таңда орталықтармен бірлесіп білім беру, денсаулық сақтау, ішкі істер органдарының қатысуымен өмірлік қиын жағдайдағы адамдарды ерте анықтау және оларға қолдау көрсетуді үйымдастыру жөніндегі мобильдік топтар жұмыс жасауда. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына сәйкес 2022-2025 жылдар аралығында әрбір қала мен ауданда отбасын қолдау орталықтарын құру тапсырмасы бойынша облыс әкімінің қолдауымен 2023 жылы аудандық Отбасын қолдау орталығы жұмыс істеп жатыр, – деді Фани Кенжеғараұлы.

Мәжілістің күн тәртібіндегі негізгі мәселеге байланысты өткізілетін оқытудың алға қойған мақсаттары мен жос-парлары бойынша Мәдениет және ақпарат министрлі-гі жанынан құрылған Отбасын қолдау орталықтарының жұмысын жетілдіру жөніндегі жобалық кеңсөнің үйлес-тірушісі Тимур Мұратов хабарлама жасап, жұмысшы топтың мақсаты мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шеңберінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өзара іс-қимылын автоматтандыруға арналған Socium ААЖ және FSM Social цифрлық платформаларын енгізу жұмыстарын жүргізіп, салалық мамандарға аталған цифрлық платформаларда оқыту жұмыстарын жүргізу екенін атап өтті.

Айта көтейік, әлеуметтік саланы жетілдіру бағытында көрсетілетін қызметтердің халыққа тиімділігі мен қолже-тімділігін арттыру үшін FSM Social секілді заманауи цифр-лық платформаларды енгізу аса маңызды. Бұл жүйе – отбасылардың қажеттіліктеріне дер кезінде әрекет етуге, мемлекеттік қолдауды бағыттауға мүмкіндік береді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сақтансаң, сақтайды

## Қоқыс полигондарындағы өрт қауіпсіздігі

Қазіргі таңда елімізде тұрмыстық қатты қалдықтарды сақтау және өңдеу мәселесі өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Әсіресе қоқыс полигондарында орын алатын өрт оқиғалары экологиялық және әлеуметтік қауіп төндіріп келеді. Бұл жағдайлар тек материалдық шығын ғана емес, сонымен қатар адам өмірі мен қоршаған ортаға елеулі зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан қоқыс полигондарындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету – маңызды міндеттердің бірі.

Мұндай жерде өрттің негізгі шығу себептеріне келсек, қалдықтар өздігінен жануы мүмкін. Органикалық қалдықтар мен жанғыш материалдардың ыдырауынан бөлінетін метан газы өрт қаупін тудырады. Бұл газ ауада оттекпен араласып, ұшқын немесе күн сәулесінің әсерінен тұтанып кетуі мүмкін.

Екіншіден, ашық отты пайдалану да қауіпті. Кейбір тұр-ғындар немесе жұмысшылар полигон маңында шылым шегу, от жағу секілді өрт қаупін тудыратын әрекеттерге барады. Электр құралдарының ақауы өрттің шығуына басты себеп болады. Кейбір өңдеу орындарында электр жабдықтарының қысқа тұйықталуы да өртке себеп болуы ықтимал.

Көліктердің қозғалтқыштарынан шыққан ұшқындар да кей кездері тілсіз жаудың тұтануына басты себеп болады. Полигон аумағына кіретін немесе шығатын техникалық көліктерден шыққан ұшқындар құрғақ қалдықтарға әсер етіп, оттың тұтануына алып келеді.

Енді өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларына тоқ-тайық. Қалдықтарды дұрыс бөлу және сақтау, жанғыш және жанбайтын қалдықтарды бөлек сақтау, қауіпті зат-тарды алдын ала жою – өрт қаупін азайтуға көмектеседі. Тұрақты бақылау жүргізу бірінен маңызды. Полигон аума-ғына бейнебақылау орнату, кезекшілік ұйымдастыру, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру ұдайы назар-да болуы тиіс.

Өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету де тілсіз жауды уақытында тұсауға үлкен сеп болары анық. Поли-гонда алғашқы өрт сөндіру құралдары (өрт сөндіргіш, құм, су қоймасы) жеткілікті мөлшерде болуы тиіс. Жасыл аймақтар отырғызу да ерекше маңызға ие. Полигон айналасында желден қорғау үшін ағаштар отырғызу және өсімдіктер белдеуін жасау керек.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

## Маман мерейі

Тұраржан Әкімбай, мемлекеттік қызметші:

## Елдің қамын ойлау – мемлекеттік қызметшіге тән сипат

«Балалық шағымыз Кеңес өкіметі құлап, енді ғана тәуелсіздігін алған, ашық саяси жүйе қалыптаса қоймаған қоғамда өтті. Дегенмен халықтың еңбекқорлығының, оның ішінде саяси сауаты бар, ел үшін адал қызмет ететін тұлғалардың жүйелі жұмыстарының арқасында бүгінде еліміз аяққа тұрды. Әлемдік аренада саяси және экономикалық маңызы бар Қазақстан деген алпауыт мемлекетке айналды. Ендігі елдің тізгінін біздің қатарластарымыз алып, жастар жауапты қызметтерге тартылуда. Міне, Отанымыздың одан әрі дамып, өркениетке бастауы үшін туған жерімде еңбек етіп, мемлекеттік қызметте жұмыс істеп жүрген жастардың бірімін» деп бастады әңгімесін мемлекеттік қызметші Тұраржан Әкімбай.

Тұраржан Әкімбай жаста болса жасқанбай, мемлекеттік қызметтің жауапкершілігін сезініп, түрлі қызметтерді абыроймен атқарып жүр. Қазіргі таңда аудан әкімдігінің «Жалағаш ауданы өкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің персоналды басқару бөлімінде бас маман лауазымында еңбек етуде. Мектеп көзінен елге қызмет етуді армандаған ол Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «экономика және бизнес» мамандығына оқуға түседі. Оқуды үздік бітіріп, ойланбастан туған жерде жұмыс істедуді көн көрген.

Осылайша жастар тәжірибесі арқылы аудандық ішкі саясат бөлімінде еңбек жолын бастайды. Мұнан кейін аудандық қоғамдық даму бөлімінде, Жалағаш кенті әкімі аппаратының құқықтық қамтамасыз ету, шаруашылық және кәсіпкерлікті дамыту бөлімінде бас маман міндеттерін уақытша атқарушы және Жалағаш кенті әкімі аппаратының құқықтық

қамтамасыз ету, шаруашылық және кәсіпкерлікті дамыту бөлімінде бас маман лауазымында қызмет еткен. Ол сегізжылдық жұмыс тәжірибесінде мемлекеттік қызметтің қыр-сырымен танысып, халықпен тығыз қарым-қатынас орнатуды, бәсекеге қабілетті маман болуды үйренген.

Иә, мемлекеттік қызметшілер тұлғалық болмысын әрқашан жетілдіріп отыруы тиіс. Ол үшін мемлекеттік қызметші еліміздің дәстүрлі-мәдени, әлеуметтік-тарихи дүниелерін, ұлттық құндылықтарын ұстана білуі тиіс. Тұраржанның айтуынша, қазіргі қоғам мемлекеттік қызметшілерден елдік және қоғамдық мүдделерге әділ және адал қызмет етуін, өз күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін еліміздің дамуына жұмсауын күтеді. Өйткені мемлекеттік қызметшінің тұлғалық жетілуі – тұтастай қоғам өзгеруінің алғышарты. Сол үшін мемлекеттік қызметшінің тұлғалық болмысы қоғамға үлгі болуы қажет. Ол үшін мемлекеттік қызметші кәсіби, тұлғалық

ізгі қасиеттерді бойына жинақтап, іс жүзінде оның нәтижесі көрініп тұруы керек.

– Мемлекеттік қызметшінің күнделікті өмірі оның кәсіби қызметімен тығыз байланысты. Рухани мәдениет пен білім, алған тәрбие адамның тұлғалық болмысын құрап, нәтижесінде оның іс-әрекетіне ықпал етеді. Алдымен адам ішкі ар-ождан заңдарын жетекшілікке алу керек. Сонда әркім заңды бұзудан қорыққандықтан емес, адамшылық парызы үшін қызмет етеді. Сондықтан мен Алаш зиялыларының еңбектерің, классик ақын-жазушылардың шығармаларын, саясатта зор жетістікке жеткен тұлғалардың өмір жолы баяндалған кітаптарды жиі оқуға талпынамын. Сондай-ақ әрдайым тағылымдама-лардан өтіп, даярлық курстарына қатысамын. Мәселен, былтыр «Б» корпусының мемлекеттік қызметке алғаш кірген мемлекеттік қызметшілер үшін қайта даярлық курсынан өттім. Мемлекеттік қызметте жұмыс



істеу адамнан оны саналы тұрғыдан сезінуді, шын ынта-жігерін, ең бастысы, ниет тазалығын талап етеді. Міне, мен ұстанымдарды қызметте жадымнан шығармауға тырысамын, – дейді мемлекеттік қызметші.

Абай «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деп осы үш қасиеттің адам бойынан көрініс табуын кемел болудың басты шарты ретінде қараған. «Ақыл мен қайрат жүрекке бағынуы керек» деген байламаға келген. Өйткені барлық мейірім, жанашырлық атаулы жүректен шығады. Міне, осы

айтылған қасиеттер мемлекеттік қызметшілердің бойынан табылса, қоғам едәуір алға басары сөзсіз.

– Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы ашықтық қағидатымен жұмыс істейміз. Әріптестерім де «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген негізгі қағиданы айқын ұстанады. Сондықтан біз әрбір азаматтың үмітін ақтауға және талап-тілегін ескеруге барынша күш салуға тиіспіз, – деп Тұраржан өзінің қызметтегі көзқарасын айқын аңғартты.

Президент айтқандай, әрбір мемлекеттік қызметші мемлекетшіл болуы керек. Мемлекеттік сана деңгейіне көтерілген адам үшін мемлекет пен елдік мүдделер қашанда алдыңғы орында. Мемлекеттік сана деңгейінде олайтын, халық алдындағы жауапкершілікті сезінетін, ұлттық мүдделерге сәйкес ойлайтын және әрекет ететін, елдің бүгіні мен болашағы үшін қам жейтін Тұраржан секілді жастардың қызметте жүргені халықтың болашаққа сенімімен қаруына бірден-бір себеп.

Жандос ЖАЗКЕН

## Бәрекелді!

# «Жасыл ел» жастары белсенді

Жаз келсе, Жалағаш көшелерінен «Жасыл ел» жастар еңбек сарбаздарын жиі кездестіреміз. Олар жай жүрген жоқ, туған өлкеміздің көркейіп-көгалдануына өз еңбектерімен үлес қосып жүр. Жалпы бұл – экологиялық жобалар мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы жастарды маусымдық жұмыспен қамтуға, қалалар мен елді мекендерді көгалдандыруға, абаттандыруға, жастарды патриоттық тұрғыда тәрбиелеуге бағытталған жалпыұлттық қозғалыс.

Иә, «Жасыл ел» өңірдегі әрбір жасқа етене таныс. Жоба сонау 2005 жылдан бастап тұрақты жүзеге асырылып келеді. Кешенді бағдарлама біраз жас



буынның Отанға деген сүйіспеншілігін, Табиғат Анаға деген жанашырлығын арттырып қана қоймай, өлкемізді жасыл желекке айналдыру мақсатында олардың жалын-жігерін, күш-қуатын бір арнаға тоғыстырды. Оның үстіне жазғы демалыстарында бос сенделумен уақыт өткізбей, еңбек етіп, қосымша жақсы табуына жол ашты. Ұлттық бастама жастарымыздың ортақ идеялар төңірегінде топтасуына сеп болды.

– Жасыл ел – біз асыға күтетін ең маңызды жобалардың бірі. Жыл бойы жастар табыс тауып қана қоймай, жаңа достар табады, өз қабілеттерін ұштайды, жаңа мүмкіндіктерді ашады. Жасақтарды іріктеу кезінде біз әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға өздері көрсетуге, демалыс кезінде ақша табуына көңіл бөлеміз. Биыл 100-ден аса аудан жастарын жұмысқа орналастыруды жоспарлап отырмыз. Бү-

гінде маусым айында басталған жобаға 40 сарбазды қамтыдық. Жастар белсенді, жауапкершіліктері жоғары. Жалағаштың жайқапуына өз үлестерін қосуда. Мәселен, аудандағы саябақтарды, орталық алаңды, көше бойларын тазарттады. Бастысы, жалағаштық жастар бұл еңбектерін мақтан тұтады, – дейді аудандағы жоба үйлестіруші Құралай Аймуратқызы.

Былытыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» акциясы бастау алды. Мұндағы басты мақсат – қоршаған орта мен тұрғындар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, азаматтық жауапкершілікті арттыру, экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру және нығайту мақсатында құрылған қоғамдық иілікке ұқытылықпен қарау қағидаттарын қалыптастыру. Аталған республикалық деңгейдегі экологиялық акцияға «Жасыл ел» жасағы да елеулі үлесін қосуда. Жастар бұл жобаның аясын көңейтіп, оны әртүрлі әлеуметтік мәртебедегі азаматтарға қолжетімді және қызықты етуде. Тіпті эколэнджге айналды. Мәселен, өткен сенбіде аудандық сарбаздар Дәуімбай елді мекеніндегі Илияс Қабылов саябағын қоқыс-қалдықтан тазалап, демалыс орнының көркін келтіріп қойды.

Иә, жастың ойы мен қиялы үшқыр болған соң идеяда көп болады емес пе?! Соның дәлелі, еңбек жасақтарының жауынгерлері жастар арасында экологиялық мәдениетті көтеру мақсатында экологиялық квесттер мен ойындар, экологинг өткізеді екен. Нәтижесі де

жоқ емес, ауданның көркеюіне үлес қосқысы келетін жастардың қатары едәуір артыпты.

– Жазғы демалысты тиімді өткізудемін. Қол жұмысынан бөлек қоғамдық өмірге араласу үшін түрлі экологиялық акциялар мен челленджер, тренингтер сияқты қызықты іс-шараларға қатысудамын. Сол арқылы көп достар таптым. Мәселен, жастар ресурстық орталығының волонтерлері мен «Жасыл ел» еңбек жасағы аудан ардагерлерімен жүздестік. Кездесуде отбасы құндылықтарын насихаттау, өскелең ұрпақ арасында ұлттық салт-дәстүрлердің кеңінен таралуына ықпал ету, жастарды еңбекқорлыққа баулу, туған өлкеміздің патриоттары болуға шақыру төңірегінде ой қозғалып, қазыналы қарттарымыздың ақыл-кеңесін тыңдадық. Мен Алматыдағы Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде оқимын, биыл 1 курсты аяқтадым. Жалағашта «Жасыл ел» жасақтарын жинап жатқанынан хабардар болып, жазғы демалыста туған жерде еңбек етуді жөн көрдім. Өкінібеймін, барлығы ұнап жатыр, – дейді жалағаштық жас ерөн Ердаулет Жеткерген.

«Жасыл ел» бағдарламасы жақсы бастама ретінде бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан емес. Қаншама жалынды жастарымыз бос уақытын тиімді өткізе отырып, еліне қызмет етіп жүр. Қоғамға, өз ұлтына пайдасын тигізер кезде янып қалмайтын жастарымызға алдағы уақытта сәттілік тілейміз!

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

## Маман мерейі



## Қырағы полицей

Нұржан Маңызбаев мамандық таңдаудан жаңылған жоқ, өйткені ол бала кезінен тазалыққа ұқыппен қарап, әрбір уақытын құр жібермеуге тырысатын. Оқушы кезінде полицей болуды армандаған кейіпкеріміз кейін сол мақсатына жетті де. Бүгінде ол – аудандық полиция бөліміндегі қырағы тәртіп сақшыларының бірі.

Жерлесіміз ең алғаш еңбек жолын Астана қаласында бастаған. Сол уақыттан бері антына адалдық танытып, елдің тыныштығын уақытпен санасатын күзетіп келеді. Табаны күректей 3,5 жыл елордада еңбек еткен ол бас қалада жол патрульдік полициясы болып жұмысқа кірісті. Кейін туған жерде еңбек етуді көздеген кейіпкеріміз Жалағаш ауданына жұмыс бабымен келді.

– Полиция болу оңай жұмыс емес, бірақ бала кезден бұл салада еңбек етуді мақсат еткеннен кейін маған аса қиын болған жоқ. Елордада да бірнеше жыл еңбек еттім. Сыртынан қараған адамға полиция болу үстіңнен форманы тастамай, азаннан кешке дейін уақыт өткізу сияқты болуы мүмкін. Бірақ әр саланың өзінің қиындығы мен қызығы болады. Соның барлығына төзе білу керек. Тіпті халықпен де жүйелі диалог құрып, мәдениетті сөйлесу қажет. Міне, бұл сала тек тәртіпті, уақытпен жүруді ғана емес, этика, мәдениетті де талап етеді. Қазір аудандық полиция бөлімінде отбасындағы зорлық-зомбылықпен күресемін, – дейді қырағы тәртіп сақшысы.

Нүрекеннің сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Шынында, полиция қызметкері болу екінің бірінің қолынан келмейді. Бірақ ыждағаттылықты, жауапкершілікті, әрбір уақытты тиімді пайдалануды қажет ететін салада кейіпкеріміз сыр алдырмай келеді. Өйткені ол полиция қызметкері болуды әуелден армандады, осы жолда көп ізденді, бүгінде соның жемісін көріп отыр.

Нұржан Теңелбайұлы Жалағаш аудандық полиция бөліміндегі жұмысын жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алумен және онымен күресумен бастады. Бүгінде ауданда жасөспірімдер арасындағы қылмыстық ахуал тұрақты болса, онда Нұржан Маңызбаевтың да өзіндік қотанбасы бар.

Кейіпкеріміздің саладағы еңбегі еш көткен жоқ, бірнеше рет марапат төрінен көрінді. Әлбетте, бұл – оның қажырлы еңбегіне берілген лайықты баға. Өйткені ол тұрғындардың тыныштығын күзетуде уақытпен санаспады, антына адал болды.

– Жұмыстың оңайы жоқ, мен тек полиция жұмысы барінен күрделі деуден аулақпын. Әр саланың өз қиындығы болады. Бірақ өз мамандығымен адал еңбек етуді мақсат еткен адам соның барлығын жеңе біледі. Өйткені нақты мақсатпен еңбек етуді көздеген адам сол жолда көп ізденеді. Ал сол жолдағы ізденіс сенің ширауыңа сеп болады. Тәжірибелі маман қай салаға да ауадай қажет. Сондықтан ешқандай жұмысқа бейжай қарамау керек, – дейді полицей.

Иә, бұл – нақты мақсатпен еңбек еткен нәім мамандыққа адал адамның сөзі. Жұмысы жүйелі, ісі мығым Нүрекеннің бұл салада жиган тәжірибесі мол. Бірақ осы жолда оның көп ізденгенін де жақсы білеміз. Өзінің сөзімен айтсақ, сол үлкен ізденіс оны абырой биігіне шығарып отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

|                                                                                                |                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Меншік иесі:</b></p> <p><b>СЫР МЕДИА</b></p> <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> | <p><b>Бас директор</b></p> <p><b>Марат АРАЛБАЕВ</b></p> <p>Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы</p> <p><b>Бас редактор</b></p> <p><b>Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ</b></p> | <p>Телефондар:</p> <p><b>Бас директор - 8(7242) 70-00-36</b></p> <p><b>Бас редактор - 32-0-41</b></p> <p><b>Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75</b></p> | <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.</p> <p>“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.</p> <p><i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i></p> <p>Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.</p> <p>Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.</p> <p>Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p> | <p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.</p> <p>Тел.: 8(7242) 40-06-68.</p> <p>Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p> <p><b>Таралымы 2850 Тапсырыс №1042</b></p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|